



**Қазақстан Республикасы
экология және табиғи
ресурстар министрлігі
Қазгидромет РМҚ**

**2024 жылғы ақпан айына
АУА РАЙЫН БОЛЖАУ БЮЛЛЕТЕНІ**



АСТАНА 2024

Мазмұны

Алғы сөз.....	4
Қазақстан аймақтары бойынша көпжылдық мәліметтерге сәйкес ақпан айының қысқаша климаттық сипаттамасы	5
Ақпан айында Қазақстан аумағы бойынша орташа айлық ауа температурасы мен жауын-шашын мөлшерінің көпжылдық мәні (кесте).....	7
2024 жылдың ақпан айында күтілетін орташа айлық температурасының нормадан ауытқуы.....	8
Ақпан айында көпжылдық орташа айлық ауа температурасы (норма)	8
2024 жылдың ақпан айында күтілетін жауын-шашынның мөлшерінің нормадан ауытқуы	9
Ақпан айындағы жауын-шашынның көпжылдық орташа айлық мөлшері (норма)	9
2024 жылы Қазақстан аймақтары бойынша ақпан айында күтілетін орташа ауа температурасы	10
Ауа райының облыстар бойынша графигі	11
2024 жылдың ақпан айына облыстар бойынша консультативтік ауа райы болжамы	12
Батыс Қазақстан облысы	13
Атырау облысы	14
Маңғыстау облысы	15
Ақтөбе облысы	16
Қостанай облысы	17
Солтүстік Қазақстан облысы.....	18
Ақмола облысы	19
Павлодар облысы	20
Ұлытау облысы	21
Қарағанды облысы	22
Абай облысы	23
Шығыс Қазақстан облысы	24
Қызылорда облысы	25
Түркістан облысы	26
Жамбыл облысы	27
Алматы облысы	28
Жетісу облысы	29

Алғы сөз

Жарияланып отырған айлық ауа райы болжамы мыналарды қамтиды:

- ✓ болжамды айдың қысқаша климаттық сипаттамасы (барлық бақылау кезеңінде)
- ✓ республиканың облыстары бойынша ауа температурасы мен жауын-шашын мөлшерінің орташа көпжылдық мәндерден ауытқуының қысқаша сипаттамасы;
- ✓ суықтың (жылудың) ең маңызды толқындары, жауын-шашынды мерзімдер және ауа райының атмосфералық құбылыстары көрсетілген ауа райының өзгеру графиктері;
- ✓ республиканың әр облыстары бойынша ауа райы болжамының мәтіні;
- ✓ орташа айлық ауа температурасының орташа көпжылдық мәнінен күтілетін ауытқулар картасы;
- ✓ ауаның көпжылдық орташа айлық температурасының кеңістіктік таралуының картасы (30 жылдық норма);
- ✓ айлық жауын-шашынның мөлшері орташа көпжылдық айлық мәнінен күтілетін ауытқулар картасы;
- ✓ жауын-шашынның айлық мөлшерінің көпжылдық мәндерінің картасы (30 жылдық норма).

Болжам мәтінінде облыстар аумағындағы орташа айлық ауа температурасы мен жауын-шашын мөлшерінің шеткі мәндері келтірілген.

*Бір айға арналған ауа райы болжамы консультативтік сипатқа ие. Ауа райының күнделікті өзгеру бағытында 3-тен 5 тәулікке дейін жылжуы, сондай-ақ күнделікті ауа температурасының ($\pm 5^{\circ}\text{C}$) мәндерінің де, ауа райының атмосфералық құбылыстарының да ауытқуы мүмкін екенін ескеру қажет. **Бір айға арналған ауа райы болжамы айдың 30-31, 10, 20 күндерінде онкүндікке арналған болжамдармен нақтыланады.***

Бір айға арналған ауа райы болжамының шығуымен және оларды нақтылаумен байланысты барлық мәселелер жөнінде мына мекенжай бойынша Гидрометорталыққа хабарласуға болады:

Астана қ., Мәңгілік Ел көшесі 11/1.

Гидрометорталықтың директоры:

М. Шмидт, тел. (7172) 79-83-87.

Ауа райын ұзақ мерзімге болжау басқармасының басшысы:

Ж.Қ. Исабекова, тел. (7172) 79-83-95.

Құрастырған - АРҰМББ инженер-синоптигі:

А. Бейсенбаева, тел. (7172) 79-83-95.

Аударған - АРҰМББ жоғары санатты техник:

Г. Масалимова, тел. (7172) 79-83-95

Қазақстан аймақтары бойынша көпжылдық мәліметтерге сәйкес ақпан айының қысқаша климаттық сипаттамасы

Ақпан айы қыс кезеңін аяқтайтын ай болғанымен, оның климаттық сипаттамасы мен циркуляциялық ерекшеліктері қаңтардікіне өте ұқсас.

Ақпан айында ауаның орташа көпжылдық температурасы республиканың солтүстігінде, шығысында $-13-18^{\circ}\text{C}$ -тан қиыр оңтүстігінде $+3^{\circ}\text{C}$ -қа дейін өзгереді.

Тәуліктің жарық уақыты қаңтармен салыстырғанда, айдың аяғына таман 2,5-3 сағатқа ұзарады. Осыған байланысты ауаның орташа айлық температурасы еліміздің оңтүстік пен оңтүстік-шығыс аудандарында $3,0-3,8^{\circ}\text{C}$ -қа, қалған жерлерде $0,5-1,5^{\circ}\text{C}$ -қа жоғарылайды.

Түркістан облысының оңтүстік аудандарында айдың бірінші жартысында ауаның орташа тәуліктік температурасының 0° арқылы оң мәндерге тұрақты өтуі байқалады.

Өте суық жылдары ауаның орташа айлық температурасы республиканың солтүстік жартысында $-24-27^{\circ}\text{C}$, солтүстік-шығыста -32°C , Қазақстанның қиыр оңтүстігінде -18°C -қа дейін жетуі мүмкін.

Өте жылы жылдары ауаның орташа айлық температурасы Қазақстанның солтүстігінде $-8-12^{\circ}\text{C}$ -тан оңтүстік Қазақстан облысында $+5+7^{\circ}\text{C}$ -қа дейін өзгереді. Ауаның орташа айлық температурасының көпжылдық орташа мөлшерден ауытқуы өте жылы болған ақпанда $3-10^{\circ}\text{C}$, өте суық жылдары $5-15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін барады.

Ақпандағы абсолюттік минимум республиканың солтүстік бөлігінде $-47-52^{\circ}\text{C}$, ал оңтүстік аудандарда $-37-45^{\circ}\text{C}$ дейін жетуі мүмкін.

Ақпандағы абсолюттік максимум солтүстік облыстарда $+4+9^{\circ}\text{C}$, шығыс облыстарда $+6+15^{\circ}\text{C}$, орталық облыстарда $+8+19^{\circ}\text{C}$, батыс облыстарда $+11+22^{\circ}\text{C}$, оңтүстік облыстарда $+20+28^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жетуі мүмкін.

Ақпанда жауын-шашынның орташа айлық мөлшері қаңтармен салыстырғанда оңтүстік облыстарда сәл ғана көбейіп, республиканың қалған аумақтарында біршама аздау болады. Республиканың көпшілік аумағында 6-27 мм, тек оңтүстік-шығыстың, шығыстың және оңтүстіктің тау бөктерлі және таулы аудандарында 25-47 мм дейін, ал оңтүстіктің, оңтүстік-шығыстың, шығыстың тауларында 61-110 мм-ге дейін барады.

Ең ылғалды жылдары Қазақстанның көптеген жерлерінде жауын-шашынның мөлшері 17-65 мм, оңтүстіктің, оңтүстік-шығыстың тау және таулы аудандарында 76-236 мм болады.

Ақпан айында жауын-шашынды күндердің орташа саны Республиканың көпшілік аудандарында 10-12, шөл аймақтарында 6-7 күндей болады. Солтүстік облыстарда жауын-шашын көбінесе қар түрінде, оңтүстік облыстарда қар және жаңбыр түрінде жауады. Аралас жауын-шашын Түркістан облысында 50 %-ын құрайды.

Қаңтардан ақпанға қарай қар жамылғысының қалыңдығы үлкейе бастайды және ақпанның соңына қарай республиканың солтүстік облыстарының ашық жерлерінде 15-35 см, кейбір жылдары 50 см және көбірек, тауларда 2м-ге дейін барады. Оңтүстік облыстарда қар жамылғысының қалыңдығы шамалы 3-15 см, тауларда 70 см-ден 2 м-ге

дейін құбылмалы болады. Республиканың оңтүстігінде тұрақты қар жамылғысы ақпанның екінші жартысында бұзыла бастайды.

Ақпанда Қазақстанның көптеген аудандарында желдің орташа айлық жылдамдығы 4,5-7,5 м/с, қиыр оңтүстікте, оңтүстік-шығыс және шығыста 1,0-4,3 м/с, Каспий теңізінің жағалауында, Мұғалжар тауларының өңірінде, Жаңғызтөбеде және Қордай асуында 6,0-9,5 м/с, Жалаңашкөлде 13 м/с-қа дейін жетеді.

Қаңтардағы сияқты ақпанда да борандар жиі 2-3 күндей, кей жылдары бұл айда 10-13 күндей соғады. Ең көп боранды күндер саны 9-12, ал кейбір жылдары әсіресе Батыс Қазақстан, Ақтөбе облыстарының солтүстігінде, Ақмола облысының оңтүстігінде және Шығыс Қазақстан облысындағы Жаңғызтөбе аумағында 20-67 рет болады. Оңтүстік облыстарда борандар сирек 10 жылда 1-5 күндей, бірақ Қызылорда облысының солтүстігінде, Түркістан облысының тау асуларында айына 1-4 тәулік болып тұрады. Боранның ұзақтығы көбінесе бірнеше сағаттай болып, бірақ кейде 2-3 тәулік, Ақтөбе облысындағы Мұғалжар тауларының өңірінде және Шығыс-Қазақстан облысының Жаңғызтөбе М. 5-6 тәулікке дейін барады.

Көктайғақ құбылыстар әдетте 0,-8 °С-қа дейінгі температурада пайда болады. Көктайғақтың ең көп тап болатын аудандарына Батыс Қазақстан, Атырау, Қызылорда, Жамбыл, Алматы облыстары жатады, ақпанда орта есеппен 1-3 күндей, кей жылдары 10-18 күндей болады. Республиканың солтүстік облыстарында ақпандағы көктайғақ сирек құбылыс және жыл сайын бола бермейді.

Тұмандар ақпан айында көбінесе республиканың таулы аудандарында 8-15 күндей, ал Түркістан облысының жазық бөлігінде айына 2-3 күндей болады.

Ақпанда күннің күркіреуі тек Қазақстанның оңтүстігінде, оның ішінде Түркістан облысында 10 жылда 1-4 рет болуы мүмкін.


Ақпан айында ҚР бойынша ауаның орташа айлық температурасының және жауын-шашын мөлшерінің көпжылдық мәндері (норма 1991-2020 жж.)

Облыс	Ауа температурасы, °С	Жауын-шашын мөлшері, мм
Батыс Қазақстан облысы	-6,2...-11,1	10...22
Атырау облысы	-4,4...-9,4	6...14
Маңғыстау облысы	-6,2...+0,6	7...13
Ақтөбе облысы	-9,2...-14,3	10...27
Қостанай облысы	-13,3...-15,3	8...22
Солтүстік Қазақстан облысы	-13,8...-15,7	11...21
Ақмола облысы	-13,1...-15,8	10...26
Астана қаласы	-13,6	17
Павлодар облысы	-11,9...-15,9	10...15
Ұлытау облысы	-10,8...-13,5	11...18
Қарағанды облысы	-9,3...-16,9	7...27
Абай облысы	-8,8...-16,9	6...37
Шығыс Қазақстан облысы	-10,6...-18,2	8...29
Қызылорда облысы	-1,4...-9,4	7...19
Түркістан облысы	-5,3...+2,8	14...97
Шымкент қаласы	+1,3	90
Жамбыл облысы	-1,3...-8,0	10...57
Алматы облысы	-1,8...-10,7	8...50
Алматы қаласы	-2,4	43
Жетісу облысы	-3,2...-12,3	2...44


2024 жылғы ақпан айында күтілетін ауа температурасының орташа айлық мөлшерден ауытқуы

Ақпан айында ауаның орташа айлық температурасы республиканың басым бөлігінде *нормадан 1-2° жоғары*, Шығыс Қазақстан облысының басым бөлігінде, Алматы мен Жетісу облыстарының оңтүстік-шығыс жартысында, Түркістан, Жамбыл және Абай облыстарының тау және тау бөктеріндегі аудандарында *норма шамасында* болады деп күтілуде.

2024 жылдың ақпан айында күтілетін орташа ауа температурасының нормадан ауытқуы




Ақпан айындағы көпжылдық орташа айлық ауа температурасы (норма: 1991-2020 жж.)




2024 жылдың ақпан айындағы күтілетін жауын-шашын мөлшерінің ауытқуы

Ақпан айында жауын-шашын мөлшері республиканың басым бөлігінде *норма шамасында*, Атырау облысында, Қостанайдың солтүстік жартысында, Түркістан, Жамбыл, Алматы және Жетісу облыстарының тау және тау бөктеріндегі аудандарында *нормадан көп* болады деп болжануда.

2024 жылдың ақпан айында күтілетін жауын-шашын мөлшерінің нормадан ауытқуы




Ақпан айындағы жауын-шашынның көпжылдық орташа айлық мөлшері (норма: 1991-2020 жж.)



2024 жылғы ақпан айында күтілетін орташа айлық ауа температурасы

Ауаның орташа айлық температурасы Қазақстанның басым бөлігінде $-8-15^{\circ}\text{C}$, қиыр шығыста -18°C дейін, елдің оңтүстік-батыс жартысында $-1-7^{\circ}\text{C}$, Маңғыстау және Түркістан облыстарының оңтүстігінде $+3^{\circ}\text{C}$ дейін күтіледі.


2024 жылдың ақпан айында күтілетін орташа айлық ауа температурасы




2022 жылға ұқсас

Қазақстанның облыстары бойынша
ақпан айына ауа райы кестесі


Батыс Қазақстан облысы




Атырау облысы




Маңғыстау облысы




Ақтөбе облысы




Қостанай облысы




Солтүстік Қазақстан облысы




Ақмола облысы




Павлодар облысы









Ұлытау облысы



Қарағанды облысы





Шартты белгілер:

- | | | | | | |
|--|--|--|---------------------------------------|--|----------|
| | кей жерлерде жауын-шашын | | қар | | бұршақ |
| | аздаған жауын-шашын | | нөсерлі қар | | дауыл |
| | қар аралас жаңбыр | | жаңбыр | | найзағай |
| | ығалықты нөсерлі | | Кей жерлерде желдің 15-20 м/с күшейуі | | |
| | нөсерлі жаңбыр | | | | |
| | шаңды дауыл | | | | |
| | көк тайғақ | | | | |
| | тұман | | | | |
| | бұрқасын | | | | |
| | көпжылдық орташа тәуліктік ауа температурасының барысы | | | | |
| | түнгі ауа температурасының барысы | | | | |
| | күндізгі ауа температурасының барысы | | | | |
| | ауаның орташа тәуліктік температурасының барысы | | | | |

Қазақстан облыстары бойынша 2024 жылғы ақпан айына консультативтік ауа райы болжамы

Батыс Қазақстан облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $-5,4-9,1^{\circ}\text{C}$, бұл *нормадан* $1-2^{\circ}$ жоғары күтіледі. (норма: $-6,2-11,1^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* $-3-8^{\circ}\text{C}$ -тан $-10-15^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың батысында -5°C -қа дейін, *күндіз* $-2+3^{\circ}\text{C}$ -тан $-1-6^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжануда. Онкүндіктің соңында ауа температурасының жоғарылауы күтіледі.

Екінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде* $-3-8^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $-2+3^{\circ}\text{C}$ -қа дейін әрі қарай жоғарылауы күтіледі. Содан кейін ауа температурасының *түнде* $-15-20^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $-5-10^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасының жоғарылауы болжанады.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* $0,-5^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың батыста $+3^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+4+9^{\circ}\text{C}$ -қа дейін әрі қарай жоғарылауы болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері *норма шамасында* (норма: 10-22 мм).

Қар жиі бірінші онкүндікте, екінші онкүндіктің басында, жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) - екінші онкүндіктің соңында және жиі үшінші онкүндікте болжанады. Тұман бірінші онкүндіктің басында, екінші және үшінші онкүндіктердің ортасында болуы мүмкін. Көктайғақ бірінші онкүндіктің басында және соңында, үшінші онкүндіктің соңында болжануда. Бұрқасын екінші және үшінші онкүндіктердің басында болжанады. Жел 15-20 м/с бірінші онкүндіктің басында және екінші онкүндіктің басында және соңында күтіледі.



Атырау облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $-2,4-7,4^{\circ}\text{C}$, бұл нормадан 2° жоғары болады деп күтілуде. (норма: $-4,4-9,4^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының түнде $-3-8^{\circ}\text{C}$ -тан $-4+1^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $-3+2^{\circ}\text{C}$ -тан $+1+6^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасының жоғарылауы күтіледі.

Екінші онкүндікте ауа температурасының түнде $-4+1^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+1+6^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжанады. Содан кейін ауа температурасының түнде $-9-14^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың солтүстігінде -18°C -қа дейін, күндіз $0,-5^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың солтүстігінде -8°C -қа дейін төмендеуі күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасының жоғарылауы күтіледі.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының негізгі фоны түнде $-3+2^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+1+6^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың оңтүстігінде түнде $+5^{\circ}\text{C}$ -қа, күндіз $+11+16^{\circ}\text{C}$ -қа дейін күтіледі.

Жауын-шашынның айлық мөлшері нормадан көп күтіледі (норма: 6-14 мм).

Жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) - бірінші онкүндіктің соңында, екінші онкүндіктің басында, жиі үшінші онкүндікте болуы мүмкін. Тұман бірінші онкүндіктің басында және ортасында, екінші онкүндіктің ортасында болжануда. Көктайғақ бірінші онкүндіктің басында және соңында, үшінші онкүндіктің соңында болжанады. Бұрқасын екінші онкүндіктің басында болжануда. Жел 15-20 м/с бірінші онкүндіктің соңында, екінші онкүндіктің басында, үшінші онкүндіктің соңында күтіледі.



Маңғыстау облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $-4,2+2,6^{\circ}\text{C}$, бұл нормадан 2° жоғары болады деп күтілуде (норма: $-6,2+0,6^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының түнде $-3-8^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың батысында 0°C -тан $-3+2^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+1+6^{\circ}\text{C}$ -тан $+6+11^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың батысында $+9^{\circ}\text{C}$ -тан $+15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы болжанады.

Екінші онкүндікте ауа температурасы түнде $-1+4^{\circ}\text{C}$ -тан $-2-7^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+5+10^{\circ}\text{C}$ -тан $+1+6^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады.

Үшінші онкүндікте ауа температурасы түнде $0,+5^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+6+11^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың шығысында $+16^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжануда.

Жауын-шашынның айлық мөлшері норма шамасында (норма: 7-13 мм).

Жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) - бірінші онкүндіктің екінші жартысында, жаңбыр үшінші онкүндіктің соңында болжанады. Тұман бірінші онкүндіктің басында және үшінші онкүндікте болжануда. Көктайғақ бірінші онкүндіктің ортасында, үшінші онкүндіктің соңында болуы мүмкін. Бұрқасын бірінші онкүндіктің ортасында болжануда. Жел 15-20 м/с бірінші онкүндіктің басында, екінші және үшінші онкүндіктердің ортасында күтіледі. Шанды дауыл екінші онкүндіктің басында болжануда.



Ақтөбе облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $-7,5-12,3^{\circ}\text{C}$, бұл нормадан $1-2^{\circ}$ жоғары болады деп күтілуде. (норма: $-9,2-14,3^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының түнде $-10-15^{\circ}\text{C}$ -тан $-15-20^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың батысында -5°C -тан -10°C -қа дейін, күндіз $-2-7^{\circ}\text{C}$ -тан $-7-12^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың солтүстігінде -16°C -қа дейін төмендеуі болжануда.

Екінші онкүндікте ауа температурасы түнде $-5-10^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $-2+3^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылайды деп күтілуде. Содан кейін ауа температурасы түнде $-15-20^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың солтүстігінде -26°C -қа дейін, күндіз $-7-12^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады.

Үшінші онкүндікте ауа температурасы түнде $-10-15^{\circ}\text{C}$ -тан $0,-5^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың солтүстігінде -17°C -тан -13°C -қа дейін, күндіз $-2+3^{\circ}\text{C}$ -тан $+3+8^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжануда.

Жауын-шашынның айлық мөлшері норма шамасында күтілуде (норма: 10-27 мм).

Қар жиі бірінші онкүндікте, екінші және үшінші онкүндіктердің басында болжанады. Бұрқасын бірінші онкүндіктің басында және соңында, үшінші онкүндіктің басында болуы мүмкін. Тұман айдың басында, ортасында және соңында болжануда. Көктайғақ екінші және үшінші онкүндіктердің басында болжанады. Жел 15-20 м/с бірінші және екінші онкүндіктердің басында және соңында, үшінші онкүндіктің ортасында күтіледі.



Қостанай облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $-11,5-13,3^{\circ}\text{C}$, бұл нормадан $1-2^{\circ}$ жоғары болады деп күтілуде. (норма: $-13,3-15,3^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының түнде $-11-16^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың батысында -6°C -тан $-16-21^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $-3-8^{\circ}\text{C}$ -тан $-8-13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасының төмендеуі болжанады.

Екінші онкүндікте ауа температурасының түнде $-21-26^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың оңтүстігінде -16°C -тан $-11-16^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $-13-18^{\circ}\text{C}$ -тан $-3-8^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжануда. Содан кейін ауа температурасының түнде $-13-18^{\circ}\text{C}$ -тан $-18-23^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $-3-8^{\circ}\text{C}$ -тан $-10-15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы күтіледі.

Үшінші онкүндіктің бірінші жартысында ауа температурасының түнде $-8-13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $0,-5^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжанады. Содан кейін ауа температурасының түнде $-13-18^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың оңтүстігінде -5°C -қа дейін, күндіз $-5-10^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың оңтүстігінде $+1^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжануда.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың солтүстік жартысында нормадан көп, облыстың оңтүстігінде норма шамасында болады деп күтіледі (норма: 8-22 мм).

Қар бірінші онкүндіктің басында және соңында, екінші және үшінші онкүндіктердің басында болуы мүмкін, жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) - үшінші онкүндіктің ортасында күтіледі. Бұрқасын бірінші онкүндіктің басында және соңында, үшінші онкүндіктің басында болжануда. Жел 15-20 м/с бір ай бойы жиі болады. Тұман айдың соңында күтіледі.



Солтүстік Қазақстан облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $-11,8-13,7^{\circ}\text{C}$, бұл нормадан 2° жоғары болады деп күтілуде. (норма: $-13,8-15,7^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының түнде $-7-12^{\circ}\text{C}$ -тан $-13-18^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың батысында -22°C -қа дейін, күндіз $-2-7^{\circ}\text{C}$ -тан $-8-13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасының түнде $-20-25^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың оңтүстік-шығысында -29°C -қа дейін, күндіз $-15-20^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың батысында -10°C -қа дейін төмендеуі күтіледі.

Екінші онкүндікте ауа температурасының түнде $-20-25^{\circ}\text{C}$ -тан $-8-13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $-15-20^{\circ}\text{C}$ -тан $-3-8^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы күтіледі. Содан кейін ауа температурасы түнде $-13-18^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $-8-13^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың оңтүстігінде -3°C -қа дейін төмендеуі күтілуде.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының түнде $-13-18^{\circ}\text{C}$ -тан $-4-9^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $-8-13^{\circ}\text{C}$ -тан $-4+1^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы күтіледі.

Жауын-шашынның айлық мөлшері норма шамасында күтілуде (норма: 11-21 мм).

Қар, бұрқасын бірінші, екінші және үшінші онкүндіктердің басында болуы мүмкін. Тұман бірінші онкүндіктің соңында, үшінші онкүндіктің ортасында және соңында күтіледі. Жел $15-20$ м/с бірінші және екінші онкүндіктердің басында және ортасында, үшінші онкүндіктің басында күтіледі.



Ақмола облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $-11,1-13,7^{\circ}\text{C}$, бұл нормадан $1-2^{\circ}$ жоғары болады деп күтілуде. (норма: $-13,1-15,8^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының түнде $-12-17^{\circ}\text{C}$ -тан $-17-22^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $-4-9^{\circ}\text{C}$ -тан $-9-14^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасының түнде $-20-25^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың батысында -15°C -қа дейін, күндіз $-11-16^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжануда.

Екінші онкүндіктің басында ауа температурасының түнде $-20-25^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың батысында -15°C -тан $-12-17^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $-11-16^{\circ}\text{C}$ -тан $-3-8^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың солтүстігінде -13°C -қа дейін жоғарылауы күтіледі. Содан кейін ауа температурасының түнде $-17-22^{\circ}\text{C}$ -тан $-12-17^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың солтүстігінде -23°C -қа дейін, күндіз $-8-13^{\circ}\text{C}$ -тан $-3-8^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқиды.

Үшінші онкүндіктің басында ауа температурасының түнде $-17-22^{\circ}\text{C}$ -тан $-8-13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $-8-13^{\circ}\text{C}$ -тан $0,-5^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжанады. Содан кейін ауа температурасының түнде $-13-18^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $-5-10^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың солтүстігінде -2°C -қа дейін төмендеуі болжануда.

Жауын-шашынның айлық мөлшері норма шамасында күтіледі. (норма: 10-26 мм).

Қар бірінші онкүндіктің басында, екінші онкүндіктің бірінші жартысында, жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) - үшінші онкүндіктің бірінші жартысында күтіледі. Бұрқасын бірінші және екінші онкүндіктердің басында, үшінші онкүндіктің ортасында болжануда. Тұман бірінші және үшінші онкүндіктердің соңында болуы мүмкін. Көктайғақ үшінші онкүндіктің басында болжанады. Жел $15-20$ м/с бір ай бойы жиі күтіледі.



Павлодар облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $-10,8-14,2^{\circ}\text{C}$, бұл *нормадан* 1° жоғары болады деп күтілуде. (норма: $-11,9-15,9^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде* $-8-13^{\circ}\text{C}$ -тан $-18-23^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $0,-5^{\circ}\text{C}$ -тан $-10-15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі күтіледі. Содан кейін ауа температурасының *түнде* $-25-30^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $-17-22^{\circ}\text{C}$ -қа дейін әрі қарай төмендеуі күтіледі.

Екінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* $-25-30^{\circ}\text{C}$ -тан $-10-15^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың орталығында -20°C -қа дейін, *күндіз* $-17-22^{\circ}\text{C}$ -тан $-2-7^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасының *түнде* $-15-20^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $-8-13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі күтіледі.

Үшінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде* $-15-20^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың оңтүстігінде -10°C -тан $-7-12^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $-8-13^{\circ}\text{C}$ -тан $-4+1^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжануда. Онкүндіктің соңында ауа температурасының *түнде* $-12-17^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $-4-9^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың орталығында -13°C -қа дейін төмендеуі күтіледі.

Жауын-шашынның айлық мөлшері *норма шамасында* күтілуде. (норма: 10-15 мм).

Қар бірінші онкүндіктің басында, жиі екінші онкүндікте және үшінші онкүндіктің соңында, жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) - үшінші онкүндіктің бірінші жартысында болжанады. Бұрқасын бірінші онкүндіктің басында, жиі екінші онкүндікте және үшінші онкүндікте күтіледі. Жел 15-20 м/с жиі екінші онкүндікте, үшінші онкүндіктің басында болжануда. Көктайғақ үшінші онкүндіктің басында болжануда. Тұман үшінші онкүндіктің ортасында болуы мүмкін.



Ұлытау облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $-9,9-12,8^{\circ}\text{C}$, бұл нормадан $1-1,5^{\circ}$ жоғары болады деп күтілуде. (норма: $-10,8-13,5^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының түнде $-14-19^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың солтүстік-шығысында -24°C -тан $-9-14^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $-6-11^{\circ}\text{C}$ -тан $-1-6^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы күтіледі.

Екінші онкүндікте ауа температурасының түнде $-14-19^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың оңтүстігінде -24°C -тан $-4-9^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $-6-11^{\circ}\text{C}$ -тан $-1+4^{\circ}\text{C}$ -қа ауытқуы күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасы жоғарылауы болжанады.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының түнде $-1-6^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың солтүстігінде -13°C -қа дейін, күндіз $+2+7^{\circ}\text{C}$ -қа облыстың солтүстігінде -3°C -қа дейін жоғарылауы болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері норма шамасында (норма: 11-18 мм).

Қар бірінші онкүндіктің екінші жартысында, екінші онкүндіктің басында, жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) - үшінші онкүндіктің ортасында күтіледі. Бұрқасын бірінші онкүндіктің соңында, екінші онкүндіктің басында, үшінші онкүндіктің ортасында күтіледі. Тұман бірінші онкүндіктің басында, үшінші онкүндіктің ортасында болжануда. Жел $15-20$ м/с бірінші онкүндіктің ортасында, екінші онкүндіктің басында болжанады. Көктайғақ үшінші онкүндіктің ортасында болады деп күтілуде.



Қарағанды облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $-8,6-16,1^{\circ}\text{C}$, бұл нормадан $1-1,5^{\circ}$ жоғары болады деп күтілуде. (норма: $-9,3-16,9^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндіктің басында ауа температурасының түнде $-13-18^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың орталығында -27°C -тан $-18-23^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың солтүстігінде -13°C -қа дейін, күндіз $-5-10^{\circ}\text{C}$ -тан $-10-15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады. Содан кейін ауа температурасының түнде $-18-23^{\circ}\text{C}$ -тан $-10-15^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың орталығында -20°C -қа дейін, күндіз $-10-15^{\circ}\text{C}$ -тан $-2-7^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың оңтүстігінде $+1^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы күтіледі.

Екінші онкүндікте ауа температурасының түнде $-18-23^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың орталығында -30°C -тан $-12-17^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың солтүстігінде $-22-27^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $-10-15^{\circ}\text{C}$ -тан $-4-9^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқиды деп күтілуде. Онкүндіктің соңында ауа температурасы жоғарылауы болжанады.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының түнде $-6-11^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың солтүстігінде $-16-21^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $-3+2^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың оңтүстігінде $+7^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері норма шамасында (норма: 7-27 мм).

Қар, бұрқасын бірінші онкүндіктің соңында, екінші онкүндіктің басында және үшінші онкүндіктің ортасында күтіледі. Тұман екінші онкүндіктің ортасында, үшінші онкүндіктің басында болжануда. Жел $15-20$ м/с бірінші онкүндіктің ортасында, екінші онкүндіктің басында, үшінші онкүндіктің ортасында күтіледі.



Ауаның орташа айлық температурасы $-9,3-16,2^{\circ}\text{C}$, бұл нормадан $1-1,5^{\circ}$ жоғары болады деп күтілуде. (норма: $-8,8-16,9^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндіктің бірінші жартысында ауа температурасының түнде $-16-21^{\circ}\text{C}$ -тан $-10-15^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың шығысында $-25-30^{\circ}\text{C}$ -тан $-20-25^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $-8-13^{\circ}\text{C}$ -тан $-2-7^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың оңтүстік-шығысында $-2+3^{\circ}\text{C}$ -тан $+1+6^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы күтіледі. Содан кейін ауа температурасының түнде $-19-24^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың солтүстігінде -29°C -қа, облыстың оңтүстігінде -14°C -қа дейін, күндіз $-11-16^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады.

Екінші онкүндікте ауа температурасының түнде $-19-24^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың солтүстігінде -29°C -тан $-10-15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $-11-16^{\circ}\text{C}$ -тан $-2-7^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасының жоғарылауы күтіледі.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының түнде $-7-12^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың шығысында $-15-20^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $-4+1^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың оңтүстік-шығысында $+3+8^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері норма шамасында (норма: $6-37$ мм).

Қар бірінші онкүндіктің соңында, екінші онкүндіктің бірінші жартысында, үшінші онкүндіктің ортасында күтіледі. Тұман айдың басында және соңында болжануда. Бұрқасын екінші онкүндіктің басында және үшінші онкүндіктің ортасында болжануда. Жел $15-20$ м/с бірінші онкүндіктің ортасында, жиі екінші онкүндікте, үшінші онкүндіктің соңында күтілуде.



ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

Ауаның орташа айлық температурасы $-10,6-18,7^{\circ}\text{C}$, бұл облыстың басым бөлігінде *норма шамасында*, облыстың солтүстік-батысында *нормадан 1° жоғары* болады деп күтілуде. (норма: $-10,6-18,2^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* $-15-20^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың таулы аудандарында $-25-30^{\circ}\text{C}$ -тан $-20-25^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $-7-12^{\circ}\text{C}$ -тан $-12-17^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжануда.

Екінші онкүндіктің бірінші жартысында ауа температурасының *түнде* $-25-30^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың таулы аудандарында $-15-20^{\circ}\text{C}$ -тан $-11-16^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $-17-22^{\circ}\text{C}$ -тан $-4-9^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжануда. Онкүндіктің екінші жартысында ауа температурасының *түнде* $-20-25^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың шығысында -31°C -қа дейін, *күндіз* $-12-17^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжануда. Онкүндіктің соңында ауа температурасының жоғарылауы болжанады.

Үшінші онкүндікте ауа температурасы *түнде* $-10-15^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың шығысында $-20-25^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $-2-7^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың оңтүстігінде $0,+5^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжануда.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде *норма шамасында*, облыстың шығыс жартысында *нормадан көп* күтіледі. (норма: 8-21 мм).

Қар бірінші онкүндіктің соңында, екінші онкүндіктің бірінші жартысында, үшінші онкүндіктің соңында күтіледі. Тұман айдың басында және соңында болжанады. Бұрқасын екінші онкүндіктің басында және үшінші онкүндіктің соңында, көктайғақ айдың ортасында болжануда. Жел $15-20$ м/с бірінші онкүндіктің соңында және екінші онкүндіктің ортасында күтіледі.



Қызылорда облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $-0,7-7,9$ °С, бұл нормадан 1° жоғары болады деп күтілуде. (норма: $-1,4-9,4^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндіктің бірінші жартысында ауа температурасының түнде $-9-14^{\circ}\text{C}$ -тан $-4-9^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $-1-6^{\circ}\text{C}$ -тан $-1+4^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың оңтүстік-шығысында $+5^{\circ}\text{C}$ -тан $+10^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжанады. Онкүндіктің екінші жартысында ауа температурасының түнде $-14-19^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың солтүстік-батысында -23°C -қа дейін, күндіз $-3-8^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың оңтүстік-шығысында $+2^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжануда.

Екінші онкүндіктің басында ауа температурасының түнде $-3-8^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+2+7^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың оңтүстік-шығысында $+12^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы күтілуде. Содан кейін ауа температурасының түнде $-10-15^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың шығысында -5°C -қа дейін, күндіз $-2-7^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың оңтүстік-шығысында $+5^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжануда.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының түнде $-2-7^{\circ}\text{C}$ -тан $-2+3^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың солтүстік-батысында -7°C -қа дейін, күндіз $0,+5^{\circ}\text{C}$ -тан $+5+10^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың оңтүстігінде, шығысында $+12^{\circ}\text{C}$ -тан $+17^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы күтіледі.

Жауын-шашынның айлық мөлшері норма шамасында күтіледі (норма: 7-19 мм).

Жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) - бірінші онкүндіктің ортасында, екінші онкүндіктің басында, жаңбыр - үшінші онкүндіктің соңында болжанады. Тұман бірінші онкүндіктің басында және соңында, екінші және үшінші онкүндіктердің ортасында, көктайғақ - бірінші онкүндіктің ортасында, екінші онкүндіктің басында болжануда. Бұрқасын бірінші онкүндіктің соңында күтіледі. Жел 15-20 м/с бірінші онкүндіктің басында және соңында, екінші онкүндіктің басында, үшінші онкүндіктің соңында болжанады.



Түркістан облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $-4,7+2,3^{\circ}\text{C}$, бұл облыстың басым бөлігінде *нормадан 1°, жоғары*, облыстың қиыр оңтүстігінде *норма шамасында* болады деп күтілуде. (норма: $-5,3+2,8^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндіктің бірінші жартысында ауа температурасының *түнде* $-2-7^{\circ}\text{C}$ -тан $-2+3^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың шығысында -12°C -тан -7°C -қа дейін, *күндіз* $0,+5^{\circ}\text{C}$ -тан $+5+10^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы күтіледі. Онкүндіктің екінші жартысында ауа температурасының *түнде* $-7-12^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $-4+1^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың оңтүстігінде $+6^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі күтіледі.

Екінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* $-2-7^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың оңтүстігінде $+2^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+2+7^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжануда. Содан кейін ауа температурасының *түнде* $-7-12^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың шығысында -2°C -қа дейін, *күндіз* $-4+1^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың оңтүстігінде $+6^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасының жоғарылауы күтіледі.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының негізгі фоны *түнде* $-2+3^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+7+12^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың оңтүстігінде $+17^{\circ}\text{C}$ -қа дейін күтіледі.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде *норма шамасында*, облыстың тау және тау бөктеріндегі аудандарында *нормадан көп* күтіледі (норма: 14-97 мм).

Жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) - бірінші онкүндіктің екінші жартысында, екінші онкүндіктің басында, жаңбыр айдың соңында болжануда. Тұман айдың басында және ортасында, көктайғақ бірінші онкүндіктің ортасында, екінші онкүндіктің басында болжанады. Бұрқасын бірінші онкүндіктің соңында, екінші онкүндіктің ортасында күтіледі. Жел $15-20$ м/с бірінші онкүндіктің ортасында, екінші онкүндіктің басында және соңында күтіледі.



Жамбыл облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $-1,3-7,5^{\circ}\text{C}$, бұл облыстың басым бөлігінде *нормадан 1° жоғары*, облыстың қиыр оңтүстігінде *норма шамасында* болады деп күтілуде. (норма: $-1,3-8,0^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндіктің бірінші жартысында ауа температурасының *түнде* $-7-12^{\circ}\text{C}$ -тан $-13-18^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың оңтүстік-батысында -2°C -қа дейін, *күндіз* $-4+1^{\circ}\text{C}$ -тан $-4-9^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендейді деп болжануда. Содан кейін ауа температурасының *түнде* $-5-10^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың шығысында -13°C -қа дейін, *күндіз* $-1+4^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың оңтүстік-шығысында $+9^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжануда. Онкүндіктің соңында ауа температурасының төмендеуі күтіледі.

Екінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* $-9-14^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың оңтүстігінде -4°C -тан $-2-7^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $-1-6^{\circ}\text{C}$ -тан $+2+7^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың оңтүстігінде $+10^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы болжануда.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының негізгі фоны *түнде* $-2+3^{\circ}\text{C}$ -қа, таулы аудандарда $-7-12^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+5+10^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың оңтүстігінде $+17^{\circ}\text{C}$ -қа дейін болжануда.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде *нормадан көп*, облыстың қиыр солтүстік-шығысында *норма шамасында* күтіледі. (норма: 10-57 мм).

Қар бірінші онкүндіктің басында, жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) бірінші онкүндіктің екінші жартысында, екінші онкүндіктің басында, жаңбыр айдың соңында болжануда. Тұман бірінші онкүндіктің басында және ортасында күтіледі. Көктайғақ бірінші онкүндіктің соңында, екінші онкүндіктің басында болжанады. Жел 15-20 м/с жиі бір ай бойы күтіледі.



Алматы облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $-0,8-11,3^{\circ}\text{C}$, бұл облыстың басым бөлігінде *нормадан 1° жоғары*, облыстың оңтүстік-шығысында *норма шамасында* болады деп күтілуде. (норма: $-1,8-12,3^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасы *түнде* $-10-15^{\circ}\text{C}$ -тан $-5-10^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың таулы аудандарында -20°C -қа дейін, *күндіз* $-2-7^{\circ}\text{C}$ -тан $-2+3^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжануда. Онкүндіктің соңында ауа температурасының *түнде* $-17-22^{\circ}\text{C}$ -қа, *күндіз* $-6-11^{\circ}\text{C}$ -қа дейін күтіледі.

Екінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* $-17-22^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың оңтүстігінде -12°C -тан $-5-10^{\circ}\text{C}$ -қа, таулы аудандарында -17°C -қа дейін, *күндіз* $-6-11^{\circ}\text{C}$ -тан $-2+3^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы күтіледі. Содан кейін ауа температурасының *түнде* $-7-12^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың батысында -18°C -қа дейін, *күндіз* $-4+1^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың оңтүстігінде $+6^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжануда.

Үшінші онкүндіктің бірінші жартысында ауа температурасының *түнде* $-7-12^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың батысында -18°C -тан $-4+1^{\circ}\text{C}$ -қа, таулы аудандарында -11°C -қа дейін, *күндіз* $-4+1^{\circ}\text{C}$ -тан $+4+9^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың оңтүстігінде $+12^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжануда.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде *норма шамасында*, облыстың тау және тау бөктеріндегі аудандарында *нормадан көп* күтіледі (норма: 8-50 мм).

Жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) бірінші онкүндіктің соңында, екінші онкүндіктің бірінші жартысында, қар – бірінші онкүндіктің соңында, жаңбыр үшінші онкүндіктің ортасында күтіледі. Тұман бірінші онкүндіктің басында, екінші онкүндіктің соңында күтіледі. Көктайғақ бірінші онкүндіктің соңында, екінші онкүндіктің басында болжануда. Бұрқасын екінші онкүндіктің басында болжанады. Жел $15-20$ м/с бірінші онкүндіктің басында, жиі екінші онкүндікте, үшінші онкүндіктің соңында күтіледі.



Жетісу облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $-2,2-11,3^{\circ}\text{C}$, бұл облыстың басым бөлігінде *нормадан 1° жоғары*, облыстың оңтүстік-шығысында *норма шамасында* болады деп күтілуде (норма: $-3,2-12,3^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндіктің бірінші жартысында ауа температурасы *түнде* $-11-16^{\circ}\text{C}$ -тан $-6-11^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың таулы аудандарында $-18-23^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $-3-8^{\circ}\text{C}$ -тан $-3+2^{\circ}\text{C}$ -қа, таулы аудандарында -12°C -қа дейін жоғарылауы күтіледі. Онкүндіктің екінші жартысында ауа температурасының төмендеуі болжануда.

Екінші онкүндіктің бірінші жартысында ауа температурасының *түнде* $-11-16^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың таулы аудандарында -21°C -тан $-6-11^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $-3-8^{\circ}\text{C}$ -тан $-3+2^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы күтіледі. Содан кейін ауа температурасының *түнде* $-17-22^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың таулы аудандарында -25°C -қа дейін, *күндіз* $-6-11^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжануда. Онкүндіктің соңында ауа температурасының жоғарылауы күтіледі.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* $-6-11^{\circ}\text{C}$ -тан $-4+1^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың таулы аудандарында $-15-20^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $-3+2^{\circ}\text{C}$ -тан $+4+9^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың таулы аудандарында 0°C -қа дейін жоғарылауы күтіледі.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде *норма шамасында*, облыстың оңтүстігінде *нормадан көп* күтіледі (норма: 2-44 мм).

Жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) - бірінші онкүндіктің соңында, екінші онкүндіктің ортасында, қар екінші онкүндіктің басында күтіледі. Тұман бірінші онкүндіктің басында, екінші онкүндіктің соңында болжануда. Көктайғақ бірінші онкүндіктің соңында, екінші онкүндіктің басында күтіледі. Бұрқасын айдың ортасында болжанады. Жел 15-20 м/с бірінші онкүндіктің ортасында, екінші онкүндікте және үшінші онкүндікте күтіледі.



Қазақстан Республикасы
Астана қ-сы
Мәңгілік Ел к-сі 11/1
тел: 8(7172)79-83-95
E-mail:
Udpp@meteo.kz



Республика Казахстан
г.Астана
ул.Мәңгілік Ел 11/1
тел: 8(7172)79-83-95
E-mail:
Udpp@meteo.kz